

«ГАЛ Аудит»

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігінен берілген



№ 05 АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕП

(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ)

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ басшысына

Пікір

Біз «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) 2017 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайы туралы есептен, пайда мен залал және жиынтық табысы туралы есептен, ақша қаражатының қозғалысы туралы және көрсетілген күнге аяқталатын жыл ішінде капиталдағы өзгерістері туралы есептен, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі ережелеріне қысқа шолуды қоса алғандағы қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын қоса беріліп отырған қаржылық есептілікке аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде 2017 жылдың 31 желтоқсанына Қоғамның қаржылық жағдайы туралы, сондай-ақ Халықаралық қаржы есептілігі стандартына сәйкес көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысы туралы шынайы және расталған ақпаратты береді.

Пікір білдіру үшін негіздемелер

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Біздің міндеттеріміз осы стандарттарға сәйкес бұдан әрі біздің қорытындының «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Қоғамға қатысты Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары жөніндегі кеңестің кәсіби бухгалтерлер әдеп кодексі (Кодекс) мен Қазақстан Республикасында қаржылық есептіліктің

біздің аудитке қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес тәуелсізбіз. Біз осы талаптар мен Кодекспен белгіленген өзге де әдеп міндеттерін орындадық.

Біз, алған аудиторлық дәлелдер біздің пікір білдіруіміз үшін негіздеме болатындай жеткілікті және тиісті түрде болып табылады деп ойлаймыз.

Басшылықтың және корпоративтік басқару, қаржылық есептілік үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі.

Қоғам басшылығы Халықаралық қаржы есептілігі стандартына сәйкес аталған қаржылық есептілікті даярлауға және дұрыс беруге, басшылықтың пікірі бойынша жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан маңызды бұрмалаушылықтар болмайтын қаржылық есептілікті даярлау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілікке ие.

Қаржылық есептілікті даярлау кезінде басшылық Қоғамның өзінің қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігін бағалауға, үздіксіз қызмет етуге жататын мқәліметтерді тиісті жағдайларда ашуға, және үздіксіз қызмет ету туралы жорамал негізінде есептілікті құруға, басшылық Қоғамды тарату, оның қызметін тоқтату немесе тарату, не болмаса қызметін тоқтатудан басқа нақты қандай да бір баламасы болмағанда, басқа жағдайлар үшін жауапкершілікке ие.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қоғамның қаржылық есептілігін даярлауды қадағалау үшін жауапкершілікке ие.

Аудитордың қаржылық есептілік аудитіне жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан маңызды бұрмалаушылықтар жоқ екендігіне саналы түрде сенімділік алу және біздің пікірімізді білдіретін аудиторлық қорытындыны шығару болады. Саналы сенімділік жоғары сенімділік дәрежесі дегенді білдіреді, бірақ ХАС сәйкес жүргізілген аудит біршама маңызды бұрмалаушылықтар бар болса, әрдайым оларды анықтайды. Бұрмалаушылықтар жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижелері болуы мүмкін және маңызды деп саналады, егер олар жекелей немесе жиынтықта қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуі мүмкін екендігі болжанатын болса.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күдікшілдікті сақтаймыз. Бұдан басқа, біз келесілерді орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржылық есептіліктің біршама бұрмалануын анықтаймыз және оның қаупін бағалаймыз; осы қауіптерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікір білдіруге жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жосықсыз әрекеттердің нәтижесінде біршама бұрмалануды анықтамау қаупі қателердің салдарынан болған біршама маңызды бұрмалауды анықтамау салдарынан жоғары, себебі жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, әдейі жіберуді қамтиды, ақпаратты бұрмалап көрсету немесе қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп әрекет ету;

- аудит үшін мәні бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аудиторлық процедураларды тиісті жағдайларда әзірлеу мақсатында аламыз, бірақ Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;

- қолданылатын есептік саясаттың және бухгалтерлік бағалардың негізділігін және басшылық даярлаған ақпараттардың тиісті түрде ашылуын бағалаймыз;

• басшылықтың үздіксіз қызмет ету туралы жорамалын қолданудың тең құқықтылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – Қоғамның өзінің қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне біршама күмән тудыруы мүмкін нәтижесіндегі оқиғалар немесе жағдайларға байланысты біршама белгісіздік туралы қорытынды. Егер біз, біршама белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға немесе, біздің пікірімізді тиісті түрде ашпайтын, өзгертетін жағдайларға біздің аудиторлық қорытындымызда назар аударуымыз керек. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтып алуына әкелуі мүмкін;

• қаржылық есептілікті жалпы ұсыну, оның құрылымдары мен мазмұнын, ақпаратты ашуды қоса алғанда қаржылық есептіліктің негізіндегі операциялары мен оқиғалары олардың дұрыс берілуін қамтамасыз ете алатындай болуына баға береміз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара байланысты жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы ақпаратты, сондай-ақ, аудит нәтижелері бойынша маңызды ескертпелер, оның ішінде егер біз ауйт процесінде анықтайтын болсақ, ішкі бақылау жүйесінің маңызды деген жетіспеушіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты тиісті әдеп талаптарының барлығын сақтағанымыз әне бұл тұлғаларды аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етуге негізді түрде санауға болатын өзге де мәселелер, ал қажет болған жағдайда - тиісті сақтандыру шаралары туралы хабардар еткендігіміз туралы өтінішті береміз.

«ГАЛ Аудит» аудиторы
Аудитордың біліктілік куәлігі
№ №0000265 01.07.2015 жыл.



Некрылова Г.В.

«28» сәуір 2018 ж.

Астана қ., Қабанбай батыр кош., 8, 505-кеңсе

2017 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған кезеңге

қаржылық есептілік

Заңды тұлғаның атауы: «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы

Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 34/1

Астана қаласы, 2018 жыл

БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2017 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА АЯҚТАЛҒАН КЕЗЕҢГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ РАСТАУЫ

Төменде берілген тәуелсіз аудиторлардың міндеттемелерінің сипатымен бірге қаралуы тиіс өтініш «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) қаржылық есептілігіне қатысты басшылық пен тәуелсіз аудиторлардың жауапкершіліктерін шектеу мақсатында жасалған.

Қоғам басшылығы 2017 жылдың 31 желтоқсанына Қоғамның қаржылық жағдайының барлық маңызды аспектілерінде шынайы көрсететін қаржылық есептілікті дайындау үшін жауапты. Сондай-ақ, оның қызметінің қаржы нәтижелері, ақша қаражатының қозғалысы мен Халықаралық қаржы есептілігі стандартына («ХҚЕС») сәйкес осы күнге аяқталған жыл ішінде капиталдағы өзгерістер үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті даярлау кезінде басшылық жауапты:

- бухгалтерлік есептің және олардың кейіннен қолданылуының тиісті принциптерін таңдағаны үшін;
- негізделген бағалау мен есептеулерді қолданғаны үшін;
- ХҚЕС талаптарын сақтағаны немесе қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ХҚЕС-тен барлық маңызды ауытқулардың ашылғандығы үшін;
- Қоғам көз жетерлік келешекте өз қызметін жалғастырады деген жорамалмен, алайда мұндай жорамалды жіберу құқылы болмайтын жағдайлардан өзге жағдайда қаржылық есептілікті даярлау үшін.

Қоғам басшылығы сондай-ақ жауапты:

- Қоғамның барлық бөлімшелері бойынша тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесінің әзірленуі, енгізілуі мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін;
- Қоғамның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәрежедегі дәлдікпен кез-келген сәтте даярлауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есептілік жүйесін сүйемелдеу мен ХҚЕС талаптарына қаржылық есептіліктің сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп заңнамасы мен стандарттарына сәйкес жүргізу үшін;
- Қоғамның активтерін қорғау үшін өзінің құзыреті шегінде шараларды қабылдау үшін; және
- ұрлық және өзге де теріс пайдаланушылық фактілерін анықтауға және алдын алу үшін.

Бұл 2017 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған кезеңге қаржылық есептілік Қоғам басшылығымен мақұлданып, 2018 жылдың 28 сәуірінде шығару үшін бекітілді.

Қоғам Басшылығының атынан қол қойылған:



Басқарма Торағасы Акшулаков С.К.
2018 жылдың 28 сәуірі
Астана қ.

Бас бухгалтер Ермаганбетова А.А.
2018 жылдың 28 сәуірі

Қаржы директоры Каирленов К.А.
2018 жылдың 28 сәуірі
Астана қ.



«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ 2017 жылдың 31 желтоқсанына қаржы жағдайы туралы есеп

Бап	Қолд..	Есепті кезеңнің аяғына 31.12.2017ж.	Есепті кезеңнің басына 31.12.2016ж.
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі қаражат	6.1	6 194 148	5 936 413
Материалдық емес активтер	6.2	11 938	19 954
Берілген аванстар	6.3	1 524 985	1 524 985
Өзге де қаржы активтері	6.4	41 580	41 580
Қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	6.5	5 458	5 957
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны		7 778 109	7 528 888
Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	6.6	436 053	327 573
Дебиторлық берешек	6.7	266 772	70 856
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		-	-
Өзге салықтар бойынша алдын ала төлем	6.8	11 015	-
Ақша қаражаты және оның баламалары	6.9	4 293 384	4 949 234
Өзге ағымдағы активтер	6.10	4 980	11 997
Ағымдағы активтердің жиыны		5 012 204	5 359 660
Активтердің жиыны		12 790 313	12 888 548
Капитал және міндеттемелер			
Жарғылық капитал	6.11	9 223 040	9 223 040
Қосымша төленген капитал	6.12	385 734	385 734
Резервтік капитал	6.13	23 525	23 525
Бөлінбеген пайда	6.14	414 842	407 921
Капиталдың жиыны		10 047 141	10 040 220
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек		-	-
Мемлекеттік субсидиялар	6.15	2 454 763	2 506 724
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны		2 454 763	2 506 724
Ағымдағы міндеттемелер			
Мемлекеттік субсидиялар	6.16	51 961	51 961
Кредиторлық берешек	6.17	40 817	24 303
Қызметкерлердің алдындағы берешек	6.18	40 848	66 277
Алынған аванстар			
Өзге ағымдағы міндеттемелер	6.19	154 783	199 063
Ағымдағы міндеттемелердің жиыны		288 409	341 604
Капитал мен міндеттемелердің жиыны		12 790 313	12 888 548

Басқарма Төрағасы

Қаржы директоры

Бас бухгалтер



Акшулаков С.К.

Каирленов К.А.

Ермаганбетова А.А.



«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ 2017 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл ішіндегі пайда мен залал және жиынтық табысы туралы есебі

Көрсеткіштердің атауы	2017 жылдың есепті кезеңі үшін	2016 жылдың алдағы кезеңі үшін
Көрсетілген қызметтен түскен ақшалай түсім	4 769 345	4 867 092
Қызмет көрсетудің өзіндік құны	(4 650 076)	(4 658 237)
Жалпы пайда (залал)	119 269	208 855
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(342 834)	(371 926)
Мемлекеттік субсидиялардан түскен	51 961	50 150
Өзге табыс	47 695	274 218
Өзге шығыс	(6 406)	(219 672)
Операциялық қызметтен түскен залал	(130 315)	(58 375)
Бағамдық айырмашылығынан түскен шығыс/табыс, таза	(8 667)	(61 373)
Қаржылық табыс	146 249	120 440
Негізгі қаражаттың құнсыздануынан түскен шығыс		
Негізгі қаражаттың шығуынан түскен шығыс/табыс		
Өзге табыс немесе шығыс		
Салық салынғанға дейінгі пайда	7 267	692
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс		
Жыл ішіндегі есепті кезеңдегі пайда	7 267	692
Есепті кезең ішіндегі өзге жиынтық табыс		
Есепті кезең ішіндегі жиынтық табыстың жиыны	7 267	692

Баскарма Төрағасы

Қаржы директоры

Бас бухгалтер



Акшулаков С.К.

Каирленов К.А.

Ермаганбетова А.А.



«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ 2017 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)

Көрсеткіштердің атауы	2017 жылдың есепті кезеңі үшін	2016 жылдың алдағы кезеңі үшін
I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы	6 025 881	6 013 594
оның ішінде:		
көрсетілген қызметтерден түсім	3 651 390	3 834 311
Сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	916 505	1 018 947
Алынған сыйақылар	151 249	125 961
Өзге де түсімдер	1 306 737	1 034 375
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы:	(5 995 510)	(5 488 907)
оның ішінде:		
тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушіге төлемдер	(2 523 002)	(2 405 869)
тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушіге берілген аванстар	(43 136)	(67 563)
еңбек ақыны төлеу бойынша төлемдер	(1 501 768)	(1 441 006)
сыйақы төлемдері		
сақтандыру шарттары бойынша төлемдер		
бюджетке табыс салығы мен басқа да төлемдер	(541 693)	(443 580)
өзге де төлемдер	(1 385 911)	(1 130 889)
3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	30 371	524 687
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы	-	2 103 557
оның ішінде:		
банк салымдарын жабу		1 896 912
қаржылық жалдау бойынша пәтерлерді сатудан түскен түсімдер		206 645
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		
басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлестерін өткізу		
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын өткізу		
еншілес ұйымдарды бақылау кезінде шеккен залалды өтеу		
өзге де қаржы активтерін өткізу		
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар		
алынған дивидендтер		
алынған сыйақылар		
өзге түсімдер		
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	(685 875)	(1 920 035)
оның ішінде:		
негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу	(685 875)	(1 920 035)
материалдық емес активтерді сатып алу		
басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		
басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлестерін өткізу		
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сатып алу		
еншілес ұйымдардың үстінен бақылауды сатып алу		
басқа қаржы активтерін сатып алу		
қарыз беру		




фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар		
қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар		
өзге төлемдер		
3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	(685 875)	183 522
III. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы	-	2 863 788
оның ішінде:		
мемлекеттік субсидиялар		1 083 774
акциялардың шығарылымы		1 780 014
дивидендтердің төлемі		
акциялардың және өзге де қаржы құралдарының эмиссиясы		
қарыз алу		
алынған сыйақылар		
өзге түсімдер		
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы	(346)	(134 923)
оның ішінде:		
қарыздарды өтеу		
сыйақы төлеу		
дивидендтерді төлеу	(346)	(134 923)
ұйымдардың акциялары бойынша меншік иелеріне төлемдер		
өзге шығулар		
3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы	(346)	2 728 865
4. Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері		
5. Ақша қаражатының артуы +/- азаюы	(655 850)	3 437 074
6. Есепті кезеңнің басына ақша қаражаты және олардың баламалары	4 949 234	1 512 160
7. Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты және оның баламалары	4 293 384	4 949 234

Басқарма Төрағасы

Қаржы директоры

Бас бухгалтер



Акшулаков С.К.

Каирленов К.А.

Ермаганбетова А.А.




«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ бойынша 2017 жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мазмұны	жарғылық капитал	қосымша төленген капитал	резервтік капитал	бөлінбеген пайда (өтелмеген шығын)	капитал жиыны
31.12.2016 жылға сальдо	9 223 040	385 734	23 525	407 921	10 040 220
Есептік саясаттағы өзгерістер мен қателер					-
Қайта саналған сальдо					-
Жыл ішіндегі жиынтық табыс					-
Дивидендтер					-
Инвестициялардың шығымы					-
Пайда мен шығындар туралы есепте танылған табыс (залал)					-
Салық тиімділігі					-
Жыл ішіндегі жиынтық табыс				7 267	7 267
Дивидендтер				(346)	(346)
Акциялардың төлемі (құрылтай жарналары)	-				-
Қосымша төленген капитал	-				-
Эмиссиялық табыс					-
31.12.2017 жылға сальдо	9 223 040	385 734	23 525	414 842	10 047 141

Басқарма Төрағасы

Қаржы директоры

Бас бухгалтер



Акшулаков С.К.

Каирленов К.А.

Ермаганбетова А.А.



«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ 2017 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған кезең ішіндегі қаржы есептілігіне ЕСКЕРТПЕ

1. «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ заңды мәртебесі

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 наурыздағы №268 қаулысына сәйкес «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны ретінде құрылды. 2008 жылы 9 желтоқсанда Қоғам «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» акционерлік қоғамына жарғылық капиталына мемлекеттің жүз проценттік қатысуымен қайта құрылу арқылы қайта ұйымдастырылды.

Директорлар Кеңесінің 2013 жылғы 20 қарашадағы №9 шешімінің негізінде «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ болып қайта аталды. Компанияның жалғыз акционері «Ұлттық медициналық холдингі» АҚ болып табылды.

«Ұлттық медициналық холдингі» АҚ Үкіметтің 2016 жылғы 31 наурызындағы №162 Қаулысына сәйкес 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №04-1853 хатымен «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ акцияларының пакетін «ҚР Қаржы министрінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ берді. Тапсыру «Ақпараттық есептік орталық» АҚ 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №2855204 бұйрығымен тіркелген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті 2017 жылғы 25 қаңтарда иелік ету және пайдалану құқықтарын қабылдап алу-тапсыру актісімен «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне берілді.

Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қоғамның Жарғысын басшылыққа алады.

Қоғам заңды тұлға болып табылады, оның жеке меншік мөрі, жеке дара балансы, банктерде шоттары және фирмалық бланкісі бар. Өзінің қызмет мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғам келісімшарттар жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын сатып алуға, шарт және өзге де міндеттемелеріне жауапты болуға, Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талапкер және жауапкепи болуға құзырлы.

Жалғыз акционердің 2017 жылғы 03 тамыздағы №581 шешімімен Қоғам Жарғысы жаңа редакцияда бекітілді.

Жарғы Қоғамның атауын, орналасатын жерін, заңды мәртебесін, қызметінің мақсаттарын, функцияларын және негізгі принциптерін, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыретін айқындайды.

Қоғам қызметінің мақсаты нейрохирургиялық және аралас түрдегі ауруы бар науқастарды емдеу және диагностика жасаудың заманауи әдістерін Қазақстан Республикасында мүгедектілікті және өлім-жітімді азайтуға бағытталған, сондай-ақ ғылым мен білім беру саласында заманауи технологияларды енгізу және таратуға бағытталған әдістерін қолдану болып табылады.

Қоғам қызметінің негізгі нысаны нейрохирургиялық науқастануда арнайы мамандандырылған медициналық жәрдем көрсету, сондай-ақ нейрохирургия саласында ғылыми зерттеулер жүргізу мен осы салаға заманауи медициналық технологияларды енгізу және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне трансферт болып табылады.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сыртқы экономикалық қызметін жеке дара жүргізу құқығына ие.

Егер қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат (лицензия, сертификат) қажет болса, онда Қоғам бұл қызмет түрін тек тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

Қоғамның басқару органдары болып табылатындар:



- жоғарғы орган – Жалғыз Акционер;
- басқару органы – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма;
- бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі.

2. Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және есептік саясатты қалыптастыру

Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін құру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі, есептік саясаты туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамның есептік саясаты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес алдағы есептік кезең ішіндегі салыстырмалы ақпаратын даярлауды қоса алғанда бухгалтерлік есепті жүргізу мен жеке қаржылық есептілігін жүргізу үшін Қоғамның қолдануға қабылдаған нақты принциптерін, ережелерін, қағидаларын және тәжірибесін білдіреді.

Есептік саясат берілген жылдардың барлығына бірізділікпен қолданылды, егер басқасы көрсетілмеген болса.

3. Қаржылық есептілік, қаржылық есептілік элементтері

Бұл қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандартына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Қаржылық есептілікті даярлауға және ұсынуға тұжырымдамалық негіздеме болып екі негіз салушы принцип айқындалған: есептеу және қызметтің үзіліссіздігі әдісі. Бұл принциптер тұжырымдамалық негіздемені, қаржылық есептіліктің есептік принциптерін әзірлеу мен бағалауға арналған іргетасты білдіреді.

Қаржылық есептілік Қоғамның қаржы жағдайы мен қаржы нәтижелерін құрылымдап көрсетуді білдіреді. Қаржылық есептіліктің мақсаты Қоғамның қаржы жағдайы, қаржы нәтижелері және ақша қаражатының қозғалысы туралы ақпаратты ұсыну болып табылады, ол экономикалық шешімдерді қабылдау кезінде кең ауқымды пайдаланушыларға пайдалы болады. Қаржылық есептілік сондай-ақ, кәсіпорынның басшылығына сеніп білдірілген ресурстарды басқару нәтижелерін де көрсетеді.

Қоғам қаржылық есептілікті қалыптастырады және оған талдау жүргізеді, оның толық жиынтығы мыналарды қамтиды:

- 1) қаржы жағдайы (бухгалтерлік баланс) туралы есеп;
- 2) пайда мен шығын және өзге де жиынтық табыс туралы есеп;
- 3) ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
- 4) капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- 5) қаржылық есептілікке ескертпе.

Қаржылық есептіліктің элементтері активтер, жеке меншік капитал, міндеттеме, табыс және шығын болып табылады.

Активтер ұйымның болашақта алатын экономикалық пайда алуын күтетін өткен оқиғалардың нәтижесінде ұйым бақылайтын ресурстарды білдіреді. Кәсіпорынның активтері материалдық емес активтер, негізгі қаражат, дебиторлық берешек, ақша қаражаты, тауар-материалдық құндылықтар түрінде берілген.

Міндеттеме - бұл тұлғаның (қарызгердің) басқа тұлғаның (кредитордың) пайдасына белгілі бір әрекетті жасау міндеті, мысалға: мүлікті тапсыру, жұмысты орынау, ақшаны төлеу және басқалары, ал кредитордың қарызгерден оның міндеттемелерін орындауға талап етуге құқығы бар.

Жеке меншік капитал – бұл Қоғамның міндеттемелерін шегергеннен кейінгі активтері.



Табыс пен шығын – қаржылық көрсеткіштерді өлшеумен тікелей байланысты элементтер.

Бухгалтерлік баланс Қоғамның қаржы жағдайын көрсетеді және активтері, міндеттемелері және жеке меншік капиталы туралы ақпаратты береді. Шаруашылық операцияларының сипаттамасына негізделе отырып, баланстағы активтер мен міндеттемелер қысқа мерзімді (айналым) және ұзақ мерзімді (айналымнан тыс) болып бөлінеді.

Актив ағымдағы актив болып жіктеледі, егер:

- оны сату немесе есептік күнінен бастап 12 ай ішінде пайдалану болжанған болса;
- актив сату мақсату үшін басты себеппен ұсталады;
- актив ақша қаражатын немесе пайдалануға шектеулері жоқ олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктелуі тиіс.

Міндеттемелер қысқа мерзімді (ағымдағы) болып жіктеледі, егер:

- міндеттеме есептік күннен кейін 12 ай ішінде өтелуге жатады;
- міндеттеме сату мақсаты үшін басты себеппен ұсталады.

Пайда мен шығын және жиынтық табыс туралы есеп Қоғамның есептік кезең ішіндегі қаржы нәтижелерін сипаттайды. Қоғам шығындарды функционалдық талдау әдісін қолданады. Бұл сатылған дайын өнімнің (тауардың, жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құнының құрамдас бөлігі ретінде олардың функцияларына сәйкес шығындарды жіктеуді, сату және әкімшілік қызмет жөніндегі шығындарды жіктеуді білдіреді. Есепке пайда мен шығын сипатына негізделген жіктемені қолдана отырып пайда мен шығынға талдау беріледі.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте есептік кезең ішіндегі ақшаның түсімі мен шығыны Қоғамның есептік кезең ішіндегі операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметі туралы ақпарат берілген. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп тікелей есептеу әдісін қолданумен беріледі.

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп есептік кезең ішінде Қоғамның жеке капиталында болған құрылымдық және сандық өзгерістер туралы ақпаратты білдіреді. Бұл өзгерістер кезең ішіндегі Қоғам қызметінің нәтижесіндегі қосынды пайда мен залалды білдіреді.

Қоғамның қаржылық есептілігі қазақстандық теңгеде берілген, Қоғамның функционалдық валютасы өлшем бірлігі мың теңге. Теңге Қоғам қызмет ететін негізгі экономикалық ортадағы валюта болып табылады.

Қаржылық есептілікті даярлаған кезде Қоғамның функционалдық валютасынан ерекшеленетін валюталардағы операциялар, теңге операция жүргізілген күнге валюталардың нарықтық айырбас бағамы бойынша ескеріледі.

Әрбір есептік күнге монетарлық активтер мен шетелдік валюталарда өрнектелген міндеттемелер есептік күнге курс бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі.

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде Ұлттық банкпен белгіленген орташа өлшенген валюта бағамы қолданылады. Келесі валюта айырбастау бағамдары қаржылық есептілікті құру кезінде қолданылған:

Валюта бағамы 31.12.2016 бастап 31.12.2017 дейін:

Күні	Ұлттық банк			KASE биржасы		
	USD	RUB	EUR	USD	RUB	EUR
31.12.2017	332,33	5.77	398.23	332.33		
31.12.2016	333.29	5.43	352.42	333.29		

Қоғамның қаржы жылы күнтізбелік жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін) болып табылады.



4. Қаржылық есептілікті даярлау және ұсыну принциптері

4.1 Есептеу принципі

Қоғамның қаржылық есептіліні (ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті алмағанда) есептеу принципіне сәйкес құрылған, ол шаруашылық операциялардың нәтижелерін танумен, сондай-ақ кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижесі болып табылмайтын, бірақ төлем уақытына қарамастан оларды жасау фактісі бойынша олардың қаржы жағдайына әсер ететін оқиғалармен қамтамасыз етіледі. Операция және оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетілген және олар жататын кезеңдердің қаржылық есептілігіне қосылған. Қоғамның есептеу принципі бойынша құрылған қаржылық есептілік ақша төлеумен және алумен байланысты өткен операциялар туралы ғана емес, бірақ сондай-ақ болашақта алынатын ақшаны білдіретін ресурстар туралы болашақта ақша төлеу міндеттемелері туралы пайдаланушыларды хабардар етеді.

4. Қаржылық есептілікті даярлау және ұсыну принциптері

4.2 Үздіксіз қызмет принципі

Қоғамның қаржылық есептілігі кәсіпорынның жұмыс істеп тұрған және көз жетерлік болашақта жұмыс істейтін шартымен құрылған. Осылайша, Қоғам таратылмайды және таратуға зәру емес немесе өзінің қызмет ауқымы біршама қысқартылмайтын болып болажанады. Қоса берілген қаржылық есептілік Қоғамның өзінің қызметін үздіксіздік принципі негізінде жалғастыра алмайтын жағдайда қажетті түзетулерден тұрмайды.

Бұл ретте Қоғамның өзінің активтерін сату қабілеті, сондай-ақ болашақта оның қызметі Қазақстанда ағымдағы және болашақ экономикалық және саяси жағдайлардың біршама әсеріне түсуі мүмкін.

Басшылық Қоғамның қарапайым қызмет процесінде активтерін сатуға және міндеттемелерін өтеуге қабілетті деп санайды, себебі операциялық қызметтен ақша қаражатының болашақ ағыны міндеттемелерді өтеу үшін жеткілікті болады.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілігінде Қоғамның үздіксізділігі қызметі негізінде өзінің қызметін жалғастыра алмайтындай түзетулер жоқ.

4. Қаржылық есептілікті даярлау және ұсыну принциптері

4.3 Сақтылық (кертартпалық) принципі

Сақтылық принципі активтерді немесе пайданы асырып көрсету, және міндеттемелерді, немесе шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін белгісіздік жағдайларында жүргізілетін есептеулер кезінде қажетті талқылауды қалыптастыру процесінде белгілі бір сақтылық дәрежесін болжайды. Сақтылық принципін сақтау жасырын резервтер мен артық қорлардың пайда болуын, активтерді немесе пайданы қасақана азайту, не болмаса міндеттемелерді, немесе шығындарды әдейі асырып көрсетудің алдын алады. Аталған принциптерді елемей қаржылық есептілік бейтарап болудан қалады, және соның салдарында сенімділігін жоғалтады.

4. Қаржылық есептілікті даярлау және ұсыну принциптері

4.4 Маңыздылығы және біріктіру

Қоғамның қаржылық есептілігінде ұқсас баптардың әрбір маңызды класы жеке берілген. Қоғам сипаты немесе функциялары жағынан жеке ерекшеленетін баптарды, олардың маңызды емес жағдайларынан басқасын береді.

4. Қаржылық есептілікті даярлау және ұсыну принциптері

4.5 Өзара есепке алу



Активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ табыс пен шығын Қоғамның қаржылық есептілігінде жеке-жеке көрсетілген.

5. Қаржылық есептілік элементтерін мойындау

5.1 Активтерді мойындау

Актив Қоғамның бухгалтерлік теңгерімінде болашақ экономикалық пайда ағынының ықтималдылығы болғанда және активтің құны немесе бағасы сенімді түрде өлшенетін ықтималдылығы болғанда мойындалады.

Актив бухгалтерлік баланста болашақта ұйымның экономикалық пайда ағынына әкелмейтін шығындар болғанда мойындалмайды. Бұл жағдайда келтірілген шығындар пайда мен залал туралы есепте шығындарды тануға әкеледі. Активті тануды қамтамасыз ету үшін болашақта кәсіпорынға экономикалық пайданың түсу ықтималдылығы туралы ұсыныс ғана жеткіліксіз.

5. Қаржылық есептілік элементтерін мойындау

5.2 Міндеттемелерді мойындау

Міндеттеме Қоғамның бухгалтерлік теңгерімінде мойындалады, егер міндеттемені өтеу нәтижесінде экономикалық пайдадан тұратын ресурстардың ағыны кететін болса, ал шамасы сенімді түрде айқындалатын болса.

5. Қаржылық есептілік элементтерін мойындау

5.3 Табысты мойындау

Табыс Қоғамның пайда мен залал туралы есебінде мойындалады, егер сенімді өлшенуі мүмкін міндеттемелердің азаюымен немесе активтердің артуымен байланысты болашақ экономикалық пайданың артуы пайда болса. Бұл, табысты мойындау бір уақытта міндеттемелердің азаюымен немесе активтердің мойындалуымен болса.

5. Қаржылық есептілік элементтерін мойындау

5.4 Шығындарды мойындау

Шығындар Қоғамның жиынтық табысында мойындалады, егер сенімді өлшенуі мүмкін міндеттемелердің артуына немесе активтің азаюына байланысты болашақ экономикалық пайданың азаюы болса. Бұл шығындарды мойындау активтердің азаюымен немесе міндеттемелердің артуын мойындаумен бір уақытта болатындығын білдіреді.

5. Қаржылық есептілік элементтерін мойындау

5.5 Қаржылық есептілік элементтерін бағалау

Қаржылық есептілік элементтері бухгалтерлік баланста және бастапқы құнына дейін жиынтық табыс туралы есепте мойындалады және белгіленеді. Активтер олар үшін төленген сома мен олардың баламалары бойынша, оларды сатып алған кезде ұсынылған әділ құны бойынша көрсетіледі. Міндеттемелер қарыз міндеттемесіне айырбасқа алынатын қаражат сомасы бойынша көрсетіледі.

6. Ескертпелер

6.1 Негізгі қаражат

Бухгалтерлік баланстың «Негізгі қаражат» бабы мыналарды қамтиды:



Негізгі қаражат	Ғимараттар мен құрылыстар	Медициналық жабдық	Машиналар және жабдықтар	Көлік құралдары	Өзге негізгі құралдар	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құны							
2016 жылдың 1 қаңтары	3 702 990	3 722 176	381 367	43 670	820 533	776 819	9 447 555
Түсім		218 454	49 028		41 358	107 531	416 371
Басқа активтерге аударым	(237 509)						(237 509)
Шығыс		(29 797)					(29 797)
2016 жылдың 31 желтоқсаны	3 465 481	3 910 833	430 395	43 670	861 891	884 350	9 596 620
Түсім		690 149	15 797		4 760		710 706
Басқа активтерге аударым	7 498				(1 631)		5 867
Шығыс		(6 241)	(536)	(3 600)	(6 095)		(16 472)
2017 жылдың 31 желтоқсаны	3 472 979	4 594 741	445 656	40 070	858 925	884 350	10 296 721
Жиналған тозу және құнсыздану							
2016 жылдың 01 қаңтары	(552 792)	(1 621 035)	(250 285)	(36 595)	(733 056)		(3 193 763)
Бір жыл ішіндегі тозу	(95 578)	(332 716)	(46 302)	(3 201)	(30 381)		(508 178)
Резервтен қайтару							-
Басқа активтерге аударым	20 509						20 509
Шығыс бойынша тозу		21 225					21 225
2016 жылдың 31 желтоқсаны	(627 861)	(1 932 526)	(296 587)	(39 796)	(763 437)	-	(3 660 207)
Бір жыл ішіндегі тозу	(95 302)	(292 069)	(51 387)	(1 379)	(23 038)		(463 175)
Шығыс бойынша тозу		5 247	514	3 149	5 842		14 752
Резервтен қайтару							-
2016 жыл құнсыздандыруға резерв		72 185					72 185
2017 жылдың 31 желтоқсаны	(723 163)	(2 147 163)	(347 460)	(38 026)	(780 633)	-	(4 036 445)
Баланстық құны							
2016 жылдың 31 желтоқсаны	2 837 620	1 978 307	133 808	3 874	98 454	884 350	5 936 413
2017 жылдың 31 желтоқсаны	2 749 816	2 447 578	98 196	2 044	78 292	884 350	6 260 276
2017 жылдың 31 желтоқсанына құнсыздануға резерв		(66 128)					(66 128)
Құнсыздануға резервті есепке алғанда баланстық құны							
2016 жылдың 31 желтоқсаны	2 837 620	1 978 307	133 808	3 874	98 454	884 350	5 936 413
2017 жылдың 31 желтоқсаны	2 749 816	2 381 450	98 196	2 044	78 292	884 350	6 194 148

Алғашқы мойындаған кезде негізгі құралдар сатып алу құны немесе шартты алғашқы құны бойынша бағаланады.

Негізгі құрал объектісін мойындау ол шыққаннан кейін немесе оны пайдаланудан болашақ экономикалық пайда алу немесе шығу болмаған жағдайда ғана тоқтатылады. Активті мойындау тоқтағанда пайда болатын кез-келген пайда немесе шығындар (активтінің шығуынан және қалған құнынан түсетін таза түсім арасындағы айырымы есептелген) активті мойындай тоқтаған кездегі есептік кезеңдегі пайда мен залалдарға қосылады.



Негізгі құралдардың алғашқы құнын қолданыстағы бағаларға сәйкес келтіру мақсатында белгілі бір күнге объектілер қайта бағаланады. Қайта бағалау нәтижесінде негізгі құралдар ағымдағы құны бойынша есепте көрсетіледі.

Амортизация – қызмет ету мерзімі ішінде активтің амортизацияланатын құнын жүйелі бөлу түріндегі тозудың құндық өрнегі. Амортизацияны есептеу үшін тең (тура сызықты) есептен шығару әдісі қолданылады.

Баланстық құны – актив есепте және есептілікте көрсетілетін жиналған амортизацияның сомасын шегергендегі негізгі құралдардың бастапқы құны.

Негізгі қаражат объектілерінің пайдалы қызмет мерзімі қажеттілігі шамасы бойынша қайта қаралады, және егер негізгі қаражат объектісін пайдалану бойынша үміт алдыңғы бағалаудан ерекшеленетін болса, ағымдағы жыл ішіндегі амортизациялық аударымдар мен барлық келесі айлар тиісінше түзетіледі.

Негізгі құралдар бойынша нольдік баланстық құнымен 2017 жылы болжанған пайдалы қызмет мерзімі мен тозуды есептеу әдісі бағаланбаған.

Әрбір есептік күніне Қоғам өзінің негізгі құралдарының баланстық құнының құнсыздандыру индикаторларының болуына тексеру жүргізеді.

Активтің құнсыздандыру индикаторларының болуын анықтау мынадай факторлардың қатарына негізделеді: активтермен берілетін қызметтерге сұранысқа өзгеру нәтижесі ретінде активтердің пайдалану потенциалындағы өзгеріс; активтердің технологиялық ескіруі немесе физикалық зақымдалуы; бастапқы жоспарланған операциялық қызметтен алынған нақты ақша ағынының ауытқуы; Акционерден активтерді сатып алу мен операциялық қажеттіліктерін қаржыландыру мен құнсыздандудың болуына көрсететін жағдайлардың өзгеруі мен операциялық қажеттіліктердің болашақтағы қолжетімділігі.

Егер мұндай индикаторлар болса, активтің өтелетін құны бағаланады және активтің баланстық құнымен салыстырылады. Егер баланстық құны активтің өтейтін құнынан асатын болса, құнсыздану танылады. Өтелетін құны екі мәннің үлкені ретінде анықталады: сатуға жұмсалатын шығындар мен пайдалану құнын шегергенде активтің әділ құны. Құндылығын бағалау кезінде ақша қаражатының есептелген ақша қаражатының болашақ ағыны салық салуға дейін дисконт ставкасын пайдаланумен олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады, ол басшылықтың пікірі бойынша, активтерге тән тәуекел мен ақшаның уақытша құнын нарықтық бағалауын білдіреді.

Өтелетін бағалау құнындағы өзгерістер оның құнсыздануына немесе болашақ кезеңдерде қалпына келуіне әкелуі мүмкін.

Аяқталмаған құрылыс 3,5717 га ауданды жер учаскесіндегі Ұлттық нейрохирургия орталығының ғимаратының төбе жабынын қайта салуға байланысты шығындарды қамтиды. Астана қаласы әкімдігінің ғимараттың төбе жабынын қайта салуға рұқсаты 2014 жылдың 18 желтоқсанындағы №120-2117 қаулысы.

6. Ескертпелер

6.2 Материалдық емес активтер

Есепті кезең ішіндегі материалдық емес активтердің қозғалысы кестеде берілген:

Көрсеткіштері	Өзге материалдық емес активтер	Жиыны
2016 жылдың 31 желтоқсанына баланстық құны	19 954	19 954
Түсімі	197	197
Тозуы бойынша шығындар	(8 213)	(8 213)
2017 жылдың 31 желтоқсанына баланстық құны	11 938	11 938
2017 жылдың 31 желтоқсанына негізгі қаражаттың құнсыздандыруына резерв		-
2017 жылдың 31 желтоқсанына құнсыздандуға резервті минусы шегергендегі баланстық құны	11 938	11 938



Материалдық емес активтерге ұзақ уақыт бойы (бір жылдан артық) өндірісте немесе тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу, әкімшілік мақсаттарында анықтауға болатын мақсатта қолдануға арналған физикалық маңызы жоқ ақшалай емес активтер жатады.

Материалдық емес активтер мойындалу кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады, оларды сатып алуға жұмсалатын нақты шығындарды сомасы мен оларды мақсатына қарай пайдалануға дайын күйіне активті келтіруге байланысты өзге де шығындарды қамтиды.

Материалдық емес активтер тозуды шегергенде бастапқы құны бойынша танылғаннан кейін есепке алынады. Амортизация тең тура сызықты есептен шығару әдісімен пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде есептеледі. Амортизациялық есептеулер шығын ретінде әрбір есептік кезең үшін танылады.

6. Ескертпелер

6.3 Берілген аванстар

Бухгалтерлік баланстың «Берілген аванстар» бабы мыналарды қамтиды:

Аванстар	2017 жылдың 31 желтоқсаны	2016 жылдың 31 желтоқсаны	өзгеріс
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары	1 524 985	1 524 985	-
«Берілген аванстар» бабы бойынша жиыны	1 524 985	1 524 985	-

2016 жылдың 16 ақпанындағы №5 хаттама шешімін орындау үшін «Мидың жаңа өскіндері мен функционалдық зақымдануын стереотаксикалық радиохирургияға арналған радиотерапиялық кешен» медициналық жабдықтарын жеткізуге «Диагностика Центральная Азия» ЖШС-мен 2016 жылғы 25 мамырдағы №253-НЗ шарты жасалды. Шарт талаптары бойынша 70 % процент көлемінде аванс төленді: 1 246 000 мың теңге. Тауарды жеткізу мерзімі 19.10.2017 ж. №264-НЗ қосымша келісімін есепке алғанда тапсырыс берушіден өтінім түскен күннен бастап күнтізбелік 180 күн ішінде. 2016 жылғы 18 қазандағы №522-НЗ сатып алу туралы шарты бойынша «Медикус Евразия» ЖШС 30% көлеміндегі аванс шарт құнының 278 985 мың теңге төленді. Шарт талаптары бойынша тауарды жеткізу тапсырыс берушіден өтінім берілген күннен бастап күнтізбелік 120 күн ішінде жүзеге асырылады.

6. Ескертпелер

6.4 Өзге де қаржы активтері

2017 жылдың 31 желтоқсанына өзге де қаржы активтері қамтиды:

Инвестициялар	2017 жылдың 31 желтоқсаны	2016 жылдың 31 желтоқсаны	өзгеріс
Прочие долгосрочные финансовые инвестиции	41 580	41 580	-
Итого по статье "Прочие финансовые активы"	41 580	41 580	-

Инвестициялар «Астанаэнергосервис» АҚ акцияларын сатып алуды қамтиды, оның ішінде:

- 2012 жылдың 29 желтоқсанындағы №48/12-4-АЭС/94 жарғы капиталына мүлікті қабылдап алу туралы келісімі бойынша бір акция үшін 45 000 теңге бағасымен 258 дана қарапайым акция жалпы сомасы 11 610 мың теңгеге берілді;
- 2013 жылдың 17 маусымындағы №10-4-АЭС жарғы капиталына мүлікті қабылдап алу туралы келісімі бойынша бір акция үшін 45 000 теңге бағасымен 666 қарапайым акция жалпы сомасы 29 970 мың теңгеге берілді.

6. Ескертпелер



6.5 Қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек

2017 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жалдау бойынша өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешек қамтиды:

Инвестициялар	2017 жылдың 31 желтоқсаны	2016 жылдың 31 желтоқсанына	өзгеріс
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары	5 458	5 957	(499)
«Қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек» бабы бойынша жиыны	5 458	5 957	(499)

6. Ескертпелер

6.6 Тауар-материалдық қорлар

2017 жылдың 31 желтоқсанына тауар-материалдық қорлар қамтиды:

Қорлар	2017 жылдың 31 желтоқсаны	2016 жылдың 31 желтоқсаны	өзгеріс
Медициналық шығын материалдары	221 887	149 044	72 843
Хирургиялық қорлар	51 191	68 947	(17 756)
Дәрі-дәрмектер	48 605	38 204	10 401
Шаруашылық тауарлары	29 695	15 525	14 170
Қосалқы бөлшектер	13 412	10 584	2 828
Химиялық реактивтер	34 660	10 576	24 084
Қатты құрал-сайман, ыдыс	8 532	8 379	153
Сатуға арналған пәтерлер	-	7 498	(7 498)
Жұмсақ құрал-сайман	9 145	6 969	2 176
Зертханаға арналған материалдар	3 724	6 504	(2 780)
Отын	2 980	2 499	481
Есептеу техникасына арналған материалдар	1 825	2 429	(604)
Кеңсе тауарлары	13 073	1 785	11 288
Басқалары	2 724	4 072	(1 348)
Минус: Ескірген және өтімсіз тауар-материалдық қорлар бойынша резерв	(5 400)	(5 442)	42
«Тауар-материалдық қорлар» бабы бойынша жиыны	436 053	327 573	108 480

